

**Қазақ тілі қоры/Казахский фонд
Қазан/октябрь - 2020**

1.	1 А-14	<p>Абдрасилова, Гауһар. Шәкәрім философиясы : Оқу құралы / Абдрасилова, Гауһар. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 130 б. : сурет. - Библиогр.: б.130. - ISBN 978- 601-04-4089-0 : 2249т.97т.</p> <p>Оқу құралында Қазақ философиясының көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық дүниетанымының тарихи-мәдени негіздері, теориялық өзектері, философиялық антропологиясы, таным, ғылым-білім, ерік бостандығы мәселелері және ойшыл армандаған адам мұраты қарастырылды.</p>
2.	94 А-14	<p>Абенов, Б.С. Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты / Б.С. Абенов; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : Жұбанов ун-ті баспа бөлімі, 2019. - 398 б. : кесте. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.мақала соңында. - ISBN 978-601-7959-78-4 : 398т.00т.</p> <p>Монографияда жаңа құжаттық материалдардың және объективтік зерттеу принциптерінің негізінде Ресей үкіметінің «Далалық облыстарды басқару жөніндегі Уақытша ережені» Орынбор өлкесіне енгізу бағытындағы саясаты және әкімшілік реформаның қазақ қоғамына тигізген зардаптары талданады. Орынбор өлкесі империялық биліктің отарлық әдістерін қолдану объектісі ретінде қарастырылады. Әкімшілік реформаның және империялық Ресейдің аймақтық саясатының отарлық мәні ашып көрсетіледі. Мәселенің деректік және тарихнамалық деңгейін нақтылау мақсатында монографияда архив қорларынан алынған қолжазбалар мен тарихи құжаттар және орыс зерттеушілері мен әкімшілік чиновниктерінің кейбір еңбектері қосымшалар ретінде берілді.</p>
3.	637 А-14	<p>Абжанова, Ш.А. Ет және ет өнімдерінің технологиясы : Оқулық / Ш.А. Абжанова, Л.К. Байболова, Н. Жүсіпова; ҚР БҒМ. - Алматы, 2019. - 240 б. : сурет. - Библиогр.: б.228-229. - ISBN 978-601-7275-75-4 : 6495т.00т.</p>

		<p>Оқулық технологиялық мамандықтарда оқитын студенттерге, магистранттарға және тамақ өндірісінің мамандарына арналған. Оқулықта ет және ет өнімдерінің технологиясы, ассортименттері, өңдеу әдістері, тұжырымдамалары өндірістің маңызы, нарықтық экономикалық жағдайда ет өнімдерінің ерекшелігі қарастырылған. Ауыл шаруалық малдарын және құстарды сою технологиясы, малдан алынатын қосымша өнімдерді өңдеу, шұжық, тұздалған ет және басқа да ет өнімдерінің технологиясы сипатталған.</p>
4.	691 А-25	<p>Адилова, Нүргүл Болатқызы. Құрылыс материалдардың қасиеттерін зерттеу : Оқу құралы / Адилова,Нүргүл Болатқызы; ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі; Жәңгір хан Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 293 б. : сурет. - Библиогр.: б.289-292. - ISBN 978-601-7543-38-09 : 5400т.00т.</p> <p>«Құрылыс материалдары» курсы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары мен зертханалық жұмыстарын жасау үшін теориялық әдістемелік негіздері, зертханалық жұмыстар бойынша тапсырмалар мен жасалған зерттеулер мен білімді нығайту үшін бақылау сұрақтары берілген.</p>
5.	070 А-32	<p>Айталы, Амангельді. Рухани кемелдік : Ғылыми-публицистикалық мақалалар / Айталы,Амангельді. - Ақтөбе, 2019. - 220 б. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-06-5867-7 : 220т.00т. Бұл жинақта белгілі қоғам қайраткері, ғалым Амангельді Айталының соңғы уақыттарда жарық көрген ұлт және дін мәселелері тақырыбындағы ғылыми-публицистикалық мақалалары топтастырылған</p>
6.	070 А-45	<p>Алпартегі, Жексен. Тағлым : Мақалалар,эсселер,жолжазбалар,сұхбаттар / Алпартегі,Жексен. - Алматы : Алтай медиа, 2019. - 344 б. : сурет. - ISBN 978-601-80737-1-7 : 2945т.00т.</p> <p>Белгілі журналистің бұл жинағы кеңес заманның ауыр жылдары болып саналатын 1937 жылдардағы ел басына тускен қуғындаумен қамау, Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің ерліктері және ұлттың</p>

		<p>өнерді асқақтатқан қобызшы мен күйші жайлы әңгіме қозғайды. Және де еліміздің тарихи мұраларын қастерлейтін қариялардың әңгімесі де кірген. Автордың қаламына арқауболған әр кейіпкерлердің өмірлері оқырмандарды қызықтырса. белгілі ғалымдармен болған сұхбаттары мен жолжазбалары әсерлі.</p>
7.	94 А-52	<p>Аман, Ә.Б. Батыс Қазақстанның ауыл халқы: Тарихи-демографиялық аспект : Монография / Ә.Б. Аман; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : "Жұбанов ун-ті" баспа бөлімі, 2019. - 216 б. : кесте. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7959-79-1 : 216т.00т.</p> <p>Монографияда ХХ ғасырдың 20-80 жылдарындағы Қазақстанның батыс еңірін мекендеген ауыл халқының демографиялық даму мәселелері, халық санының, табиғи және көші-қондық өсімінің, ұлттық және әлеуметтік құрамы мен жыныстық-жастық құрылымының өзгеру ерекшеліктері және оған ықпал етуші факторлар мұрағаттық құжаттар мен статистикалық деректердің негізінде зерделеніп, кеңінен ашып көрсетілді.</p>
8.	811.512.122 А-52	<p>Аманжолов, Сәрсен. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері : Оқу құралы / Аманжолов, Сәрсен. - 2-ші басылым. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 536 б. : кесте. - ISBN 978-601-04-4517-8 : 8000т.05т.</p> <p>Сәрсен Аманжолов (1903-1958) - белгілі түркітанушы, тіл маманы, Қазақ-станда ғылымды ұйымдастырушылардың бірі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы-ның корреспондент-мүшесі. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан, қазақ диалектологиясының негізін салған. Бұл оқу құралы қазақ тілі мен қазақ халқы тарихының, сондай-ақ қазақ диалектологиясы мен қазақ әдеби тілі тарихының мәселелерін баяндайтын күрделі зерттеу болып табылады.</p>
9.	811.512.122 А-52	<p>Аманжолов, Сәрсен. Тіл және жазу = Язык и письмо / Аманжолов, Сәрсен.</p>

		<p>- 2-ші басылым. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 404 б. : кесте. - Мәтін қазақ,орыс тілдерінде. - ISBN 978-601-04-4503-1 : 5999т.95т.</p> <p>Бұл кітапқа профессор Сәрсен Аманжоловтың жалпы тіл ғылымы, қазақ әдеби тілі мен қазіргі қазақ жазуының мәселелері қамтылған таңдамалы еңбектері енді. Бұрын жарық көрмеген кейбір еңбектері де енгізіліп отыр (мәселен, жалпы тіл ғылымының курсы). Ғылыми жұртшылыққа, тіл мамандарына, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.</p>
10.	398 А-87	<p>Асан, Жұманазар. "Едіге" эпосы-түркі халықтарына ортақ мұра : Монография / Асан, Жұманазар. - Ақтөбе : "Жұбанов ун-ті" баспа бөлімі, 2020. - 360 б. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.349-358. - ISBN 978-601-7818-35-7 : 360т.00т.</p> <p>Алпыс нұсқалы «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосы - бүгінгі таңда орыс, неміс, ағылшын тілдеріне аударылып, дүние жүзіне тегіс мағұлым болған түркі халқының ортақ асыл қазынасы. Ал оның басты қаһарманы Едіге - есімі ел есінде сақталып, ақылдылық пен қайырымдылықтың үлгісі есебінде жырларға қосылып, түркі халықтарының қасиетті әулие адамына айналған тұлға. Монография осы әйгілі эпосты зерттеуге арналған.</p>
11.	636 А-94	<p>Ахметов, Аманбай. Мал шаруашылығындағы логистика : Оқу құралы / Ахметов,Аманбай, Жолмырзаева,Рауан, Бердалина,Ақнұр; ҚР БҒМ ҚазҰАУ. - Алматы, 2019. - 155 б. : кесте. - Библиогр.: б.152. - ISBN 978-601-80565-7-4 : 3795т.00т.</p> <p>Бұл оқу құралы мал шаруашылығындағы логистика туралы Мал және мал өнімдерін тасымалдау, оның бүгінгі замандағы қызметі жайлы барлық тәжірибелерге сүйене отырып жазылған мазмұнды еңбек.</p>
12.	1 Ф-23	<p>Әл-Фарабидің рухани-мұрасы мен қазіргі заман шығыс" = "Духовное наследие аль-Фараби и</p>

		<p>современный восток" : Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 3 сәуір 2019 ж. VI халықаралық Фараби оқулары. Алматы, Қазақстан, 2019 жыл, 2-12 сәуір / Ред. алқа.: Ы.М. Палтөре, Ә.Б. Дербісәлі, Г.Е. Надирова; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 172 б. : сурет. - (Рухани жаңғыру). - Мәтін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-04-3994-8 : 3000т.03т. Бұл жинаққа «ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ-МҰРАСЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ШЫҒЫС» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары еніп отыр. Жинақтағы ғылыми зерттеулер ұлы ойшылдың өмірі мен жұмысының әр түрлі аспектілерін қамтиды. Жинақ философ, педагог, филолог, фарабитанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттар, магистранттар мен жалпы оқырмандарға арналады.</p>
13.	378 Б-29	<p>Бахтиярова, Г.Р. Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті : Оқу құралы / Г.Р. Бахтиярова; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : "Жұбанов ун-ті" баспа бөлімі, 2019. - 354 б. : кесте. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.338-352. - ISBN 978-601-7959-80-7 : 354т.00т.</p> <p>Оқу құралында қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің тарихи қалыптасып, даму жолдары шартты белгіленген кезеңдер бойынша жан-жақты, жүйелі мазмұндалады және бүгінгі педагогикалық теорияны жетілдірудегі дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің мәні, мазмұны және өзіндік ерекшеліктері ғылыми-теориялық тұрғыда негізделіп, тұжырымдалады.</p>
14.	821.512.122.092 Б-46	<p>Бермағанбет, С.Ж. Діни-ағартушылық және Әбубәкір (Кердері) Борнқұлұлының әдеби мұрасы : Монография / С.Ж. Бермағанбет; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : "Жұбанов ун-ті" баспа бөлімі, 2019. - 128 б. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани</p>

		<p>жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.119-126. - ISBN 978-601-7959-82-1 : 128т.00т.</p> <p>Талантты ғалым С.Ж. Бермағанбеттің бұл монографиясында ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақтың көрнекті ақыны Әбубәкір (Кердері) Боранқұлұлының шығармашылық мұрасы жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыда зерделенген. Зерттеуші бұрын замана ыңғайына қарай айтылмай келген ақын шығармашылығына қатысты көптеген тың деректерді тауып, Әбубәкір поэзиясының идеялық маңызын, көркемдік ерекшеліктерін нақты мысалдар арқылы көрсете алған. Ұстаз, Филолог, С.Ж.Бермағанбет "Аймақтық әдебиеттану мәселелерін" ғылыми айналымға қосқан зерделі зерттеуші еді.</p>
15.	66 Б-60	<p>Бишимбаев, В.К. Жалпы химиялық технология : Оқу құралы / В.К. Бишимбаев, Р.А. Нарманова, Ш.О. Еспенбетова. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 316 б. : сурет. - Библиогр.: б.309. - ISBN 978-601-229-593-1 : 7200т.00т.</p> <p>Оқу құралы «Химиялық технология» курсы бойынша жоғарғы оқу орындарының химия және биология мамандықтарының студенттеріне арналған. Оқу құралында химиялық технологиядағы шикізаттық және энергетикалық мәселелер, химиялық гехнологияның теориялық негіздері, негізгі заңдылықтары, аппараттардың қарапайым нұсқалары қарастырылған.</p>
16.	821.112.2 Г-26	<p>Гейне, Генрих. Теңіздегі дауыл / Гейне,Генрих; Аударған Светқали Нұржан. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. - 144 б. - ISBN 978-601-7461-98-0 : 373т.33т.</p>
17.	664 Г-91	<p>Гумарова, Алима Карикеновна. Азық-түлік өнімдерін өндіру салаларының технологиялары : Оқу құралы / Гумарова,Алима Карикеновна, Абуова,Алтынай Бурхатовна, Байбатыров,Төребек Абелбаевич; ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі. Жәңгір атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 365 б. : сурет. - Библиогр.: б.335-336. - ISBN 978-601-7543-53-02 : 7200т.00т. 6М073500 - «Тағам қауіпсіздігі», 5В072700-«Азық-</p>

		<p>түлік өнімдерінің технологиясы» мамандықтарының магистранттарына және студенттеріне арналған оқулықта мазмұнына байланысты кең ассортиментте жоғары сапалы ет, сүт, консерві және тағамдық концентраттар, қоғамдық тамақтандыру және арнайы тағайындалған өнімдерінің технологиясы; тағам өнімдерін өндіру мен өңдеу әдістері; шикізат және қалдықтардың салыну нормаларын сақтау; шикізатты, құрал-жабдықты тиімді колдану; тағамдарды, аспаздық бұйымдарды және сусындарды берілген шикізатпен дайындау; диеталық, спортсмендердің, оқу жасындағы балалардың тамақтануын ұйымдастыру және өнім ассортиментін жақсарту бойынша ұсыныстар берілген.</p>
18.	541 E-65	<p>Ерғожин, Еділ Ерғожаұлы. Жоғары молекулалық қосылыстар : Оқулық / Ерғожин, Еділ Ерғожаұлы, Құрманәлиев, Мүсрепбек Құрманәліұлы. - Алматы : Альманах, 2019. - 452 б. : сурет. - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.447-449. - ISBN 978-601-7590-33-8 : 452т.00т.</p> <p>Оқулықта жоғары молекулалық қосылыстардың құрылысы, алыну жолдары, физика-химиялық қасиеттері және негізгі өкілдері қарастырылған. Полимерлерді өңдеу, пайдалану және бұзылу кезінде жүретін физика-химиялық процесстердің рөлі көрсетілген. Арнайы қасиеттерге иеленген полимерлер мен жоғары молекулалық қосылыстар ғылымындағы соңғы жетістіктер мен жаңа бағыттарға ерекше назар аударылған.</p>
19.	398 E-79	<p>Есембекова, Темірғали. Қазақ фольклоры мен әдебиеті бойынша мәтін талдау сабақтары : Оқу-әдістемелік құрал / Есембекова, Темірғали, Дәрібаева, Самал, Шортанбаев, Шоқан; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 181 б. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-04-4170-5 : 3100т.05т.</p> <p>Оқу-әдістемелік құралында қазақ ауыз әдебиетінен бастап қазіргі заман әдебиетіне дейінгі тарихи кезеңдер бойынша өтілетін практикалық сабақтардың мазмұны мен үлгісі берілген. Басылымда тың ғылыми-теориялық ақпарат, жаңа оқу-әдістемелік ұсыныстар, тәжірибелік кеңестер, теориялық түсіндірмелер, семинар сабақтардың құрылымы мен мазмұны, тақырып</p>

		бойынша сұрақтар мен тапсырмалар, негізгі дерек көздер тізімі бар.
20.	94 Е-82	<p>Есқалиев, С.А. Б. Сүлейменов және ұлт тарихының өзекті мәселелері : Монография / С.А. Есқалиев; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : "Жұбанов ун-ті" баспа бөлімі, 2019. - 240 б. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.199-238. - ISBN 978-601-7959-83-3 : 240т.00т.</p> <p>Бұл кітапта қазақтың көрнекті тарихшы-ғалымы Б.Сүлейменовтың өмірі, отандық тарих ғылымын дамытуға қосқан үлесі баяндалып, ғылыми мұралары тарих ғылымының бүгінгі жетістігі тұрғысынан талданады. Сондай-ақ осы еңбекте ғылыми айналымға Б.Сүлейменовтың тұлғасы мен ғылыми-шығармашылық қызметін жан-жақты ашып көрсететін жаңа деректер мен құжаттар енгізіліп отыр.</p>
21.	821.512.122 Ә-13	<p>Әбдәкімұлы, Момбек. Зобалаң : Деректі роман / Әбдәкімұлы, Момбек. - Алматы : Дария, 2019. - 376 б. - ISBN 978-601-7980-45-0 : 3400т.00т.</p>
22.	821.512.122.09 Ә-13	<p>Әбдиманұлы, Өмірхан. Алаштың азатшыл әдебиеті : Монография / Әбдиманұлы, Өмірхан; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 438 б. - Библиогр.: б.427-435. - ISBN 978-601-04-4193-4 : 6549т.98т.</p> <p>Бұл еңбекте ХХ ғасыр басындағы әдебиет негізге алына отыра қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяның дәстүрлік арналары ежелгі дәуірдегі Орхон Енисей жазба ескерткіштері, хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы зар заман әдебиеті, Ма-хамбет толғаулары, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Абай поэзиясын қарастыру арқылы жүйеленсе, оның жаңашыл сипаты ХХ ғасыр басындағы әдеби бағыттардың негізгі көркемдік ұстанымына айналуын көрсету арқылы нақтыланған.</p>
23.	811.512.122 Ә-54	<p>Әлкебаева, Дина. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы : Оқулық / Әлкебаева, Дина; ҚР БҒМ, Әл-Фараби атындағы</p>

		<p>ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 200 б. : кесте. - Библиогр.: б.191-196. - ISBN 978-601-04-4029-6 : 3399т.98т.</p> <p>Оқулықта функционалды грамматиканың ғылыми-теориялық концепциялары мен терминологиялық аппараты, негізгі өзегі болып табылатын функционалды-семантикалық өріс теориясы және категориялық жағдаят туралы баяндалады.</p>
24.	662 Ә-80	<p>Әубәкіров, Ермек Айтқазыұлы. Мұнай қалдықтары және битум қасиеттерін зерттеу әдістері : Зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқау / Әубәкіров, Ермек Айтқазыұлы, Ташмұхамбетова, Жәніпа Халиловна, Жәкірова, Нұрбибі Құныпияқызы. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 217 б. : кесте. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-04-4500-0 : 3700т.03т.</p> <p>Зертханалық жұмыстарға арналған әдістемелік нұсқау мұнай қалдықтары мен битумның физика-химиялық және эксплуатациялық қасиеттері жөнінде негізгі мәліметтерден тұрады. Теориялық бөлім, ауыр мұнай қалдықтары мен битумның қасиеттерін стандартты зерттеу әдістері, тотыққан, компаундирленген және қалдық битумдарды зертханада алудың, битум қасиеттерін зерттеудің диэлектрлік өткізгіштік секілді, дисперсті фаза бөлшектерінің өлшемдерін анықтау әдістері, тұрақтылық факторларын, адгезиялық қасиеттерін және т.б. бағалаудың сандық әдістерін анықтау жолдары ұсынылады.</p>
25.	94 Ж-30	<p>Жаппасов, Жарылқасын Еркінұлы. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасы : Монография / Жаппасов, Жарылқасын Еркінұлы; Жауапты ред. Т.О. Омарбеков; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 233 б. - Библиогр.: б.195-212. - ISBN 978-601-04-4197-2 : 3999т.97т.</p> <p>Монография XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығының маңызды кезеңін зерттеуге арналады. Онда қазақ-орыс елдері арасындағы саяси, елшілік, сауда-экономикалық қарым-қатынас тарихы көптеген жазбаша және ауызша деректер мен зерттеу еңбектерінің негізінде жан-жақты талданған.</p>

26.	531 Ж-62	<p>Жилисбаева, Қарлыға Сансызбайқызы. Ұйытқулар әдістерін механикада қолдану : Оқу құралы / Жилисбаева,Қарлыға Сансызбайқызы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 224 б. : сурет. - Библиогр.: б.222-223. - ISBN 978-601-04-3916-0 : 3915т.00т. Бұл оқу құралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінде оқылатын арнайы курс негізінде дайындалған. Оқу құралында ұйытқулар теориясының негізгі ұғымдары мен теоремалары, классикалық және соңғы жылдары кеңінен қолданатын әдістері берілген.</p>
27.	821.581 Ж-77	<p>Жу Юңсиннің білім беру туралы даналық сөздері / Ауд. А.Қалиолла; Әл-Фарби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 337 б. - ISBN 978-601-04-4452-2 : 5100т.03т. Қазіргі Қытайдың білім жүйесі - нарықтық экономикаға негізделген инновациялық және ақпараттық қоғам құруға лайықты кадрлар дайындауды басты мақсат етіп отырған, елдің барлық салада қарқынды дамуына жол ашып отырған сала. Оның дамуы сол елдегі ғалымдар мен педагогтарға тікелей байланысты.</p>
28.	619 Ж-77	<p>Жубантаев, Изимгали Нурымович. Ветеринарлық терапия : Оқу құралы / Жубантаев,Изимгали Нурымович; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 226 б. : сурет. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-319-060-0 : 4400т.00т. Ветеринарлық терапия бойынша оқу құралы «Ветеринарлық медицина» мамандығының диагностика негізіндегі жануарлардың ішкі ауруларының терапиясы және патологиясы курстары бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына арналған бағдарлама талаптарына сай құрастырылды. Материал жалпы қабылданған жүйеге сай жасалған. Оқу құралында зерттеу кезінде жануарлармен жұмыс жасаудың мазмұны, жүрек-қантамыр жүйесі, тыныс алу мүшелері, асқорыту мүшелері, несеп шығару мүшелері, жүйке жүйесі, сонымен қатар қан мен несептің зертханалық зерттеу әдістері қарастырылған.</p>

29.	615 Ж-79	<p>Жусупова, Галия Евентаевна. Дәрілік өсімдік шикізатын өңдеу әдістемесі : Оқу құралы / Жусупова, Галия Евентаевна, Жусупова, Айжан Избасаровна, Литвиненко, Юлия Алексеевна; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 208 б. : сурет. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-04-4241-2 : 3549т.95т.</p> <p>Оқу құралында дәрілік өсімдіктерді дайындау және өңдеу мәселелері Еуропалық фармакопеймен үйлестірілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопейасының нормативтік талаптарына сәйкес оның шынайылығы мен сапа көрсеткіштерінің-параметрлерін белгілей отырып қарастырылады. Фармакопей дәрілік өсімдік материалдарынан заттар мен тұнбаларды оқшаулаудың технологиялық схемалары, сондай-ақ оларда белсенді заттардың анықтамасы және сәйкестендірілуі мен стандарттау олардың зертханалық дамуы мен тәжірибелік өндірісінде технологиялық схемаларды дайындау қарастырылады.</p>
30.	821.512.122 Ж-82	<p>Жұртбай, Тұрсын Құдакелдіұлы. Жансар : Эсселер мен естеліктер / Жұртбай, Тұрсын Құдакелдіұлы. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. - 472 б. - ISBN 978-601-7461-95-9 : 1469т.81т.</p>
31.	371 И-88	<p>Исмұханова, Гүлнара. Балаларды қатыгездік пен сексуалдық зорлық-зомбылықтан қорғау : Оқу құралы / Исмұханова, Гүлнара, Садықова, Айгүл; Ауд.: Ж.Қ.Нұрбаева, А.Хажыбекова, А.Орынбасарова; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 128 б. : кесте. - Библиогр.: б.110-114. - ISBN 978-601-04-3752-4 : 2200т.02т.</p> <p>Оқу құралында балаларға қатыгездікпен қарау және жыныстық қанаудың негізгі түрлері мен формалары; әлеуметтік қызметкерлер мен әлеуметтік педагогтарға, ата-аналар мен балаларға арналған қауіпсіздік стратегиясы сипатталған, сондай-ақ халықтың әртүрлі топтарына практикалық ұсыныстар берілген.</p>
32.	636 К-15	<p>Қажғалиев, Н.Ж. Мал шаруашылығы өнімін өндіру технологиясы : Оқу</p>

		<p>құралы / Н.Ж. Қажғалиев, С.К. Бостанова; ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 198 б. : сурет. - Библиогр.: б.195-197. - ISBN 978-9965-799-83-9 : 5100т.00т.</p> <p>Оқу құралы «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасы 5В080200 = «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығының ҚР БҒМ 2016 жылдың 05 шілдедегі №25 бұйрығымен бекітілген типтік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылды және оқу құралында ірі қара. жылқы, түйе, қой. шошқа және құс шаруашылықтары мен қосалқы мал шаруашылығы салалары: ара, коян және балық шаруашылықтары өнімін өндіру технологиясы жан-жақты баяндалды.</p>
33.	94 Қ-18	<p>Қазақстандағы сайлау тарихы = История выборности в Казахстане / Жауапты ред. Б.Ғ.Аяған; ҚР БҒМ ҒК, Мемлекет тарихы институты. - Нұр-Сұлтан, 2020. - 320 б. : сурет. - Мәтін қазақ,орыс тілдерінде. - Библиогр.: б. 257-272. - ISBN 978-601-7800-65-9 : 1712т.79т.</p> <p>Кітапта жеке ұлттық мемлекет - Қазақ хандығының құрылуынан бастап, Ресей империясы мен кеңестік кезең аясында сайлау жүйесінің іске асырылуы, оның тарихы мен дәстүрлерін зерттеу нәтижесі ұсынылған. Зерттеу жұмысының басым бөлігі тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі сайлау жүйесінің қалыптасуына арналған</p>
34.	811.512.1 Қ-66	<p>Қортабаева, Гүлжамал Қыдырбайқызы.</p> <p>Түркі мифологиясы : Оқу құралы / Қортабаева, Гүлжамал Қыдырбайқызы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 410 б. : сурет. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-04-3757-9 : 6150т.00т.</p> <p>«Түркі мифологиясы» атты оқу құралы - түркі тілдерінің материалдары негізінде ареалдық тұрғыдан архетип, көне түркі мифтері, мифтің түрлері, мифопоэтика, мифопаремиядағы мифонимдердің тілдік бейнесі, түркілік мифология кеңістігіндегі мифтер мен аңыздар салыстырыла зерделенген еңбек. Құрал: теориялық бөлім, семинарға арналған тақырыптар, студенттердің өздік жұмыстары, тест тапсырмалары және білімді тереңдетуге арналған әдебиет көрсеткіштерінен тұрады.</p>

35.	551 Қ-78	<p>Құсайынов, Сейтқожа Ахмерұлы. Төрттік кезең геологиясы : Оқу құралы / Құсайынов, Сейтқожа Ахмерұлы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Өңд., толықт. 2-ші басылым. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 309 б. : кесте. - Библиогр.: б.302-305. - ISBN 978-601-04-4021-0 : 4650т.02т.</p> <p>Кітапта төрттік кезең геологиясы туралы жалпылама түсінік, оның зерттеу нысаны, мақсат-мүдделері, іс-тәжірибедегі маңызы және литологиялық құрамының ерекшеліктері берілген. Кітаптың маңызды бөлімі төрттік түзілімдердің генетикалық және стратиграфиялық жіктемесіне арналған. Төрттік түзілімдердің зерттеу әдістері, бұл әдістердің қолданылу ерекшеліктері мен тиімділігі жан-жақты ашылып көрсетілген.</p>
36.	32 Қ-78	<p>Құттықадам, Сейдахмет. Ұлтқа қызмет ету: Мемлекет басқарудың әлемдік 10 мысалы / Құттықадам, Сейдахмет; Аударушы Зария Жұманова. - Орыс тіліндегі 3-басылымның қазақ тіліндегі аударылмаған нұсқасы. - Алматы : Книжный клуб, 2019. - 472 б. : сурет. - ISBN 978-601-80498-0-4 : 2380т.00т.</p> <p>Бұл кітапта өз отанына жасаған игі істерін тек отандастары ғана емес, дүниежүзі қауымдастығы мойындаған үздік реформатор-мемлекет басшылары жайлы әңгімеленеді. Мемлекеттік және коммерциялық ұйымдардың жоғары және орта буын басшыларына арналған. Сондай-ақ, ол саясаттанушыларға, журналистерге, экономистерге, студенттер мен мемлекет басқару мәселелерін зерттеушілердің барлығына да қызықты.</p>
37.	004 М-18	<p>Мамырбаев, Өркен Жұмажанұлы. Қазақ ауызекі сөйлеуін автоматты өңдеу : Монография / Мамырбаев, Өркен Жұмажанұлы; Жауапты ред. Н.Р.Юничева; ҚР БҒМ, ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар ин-ты. - Алматы : ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар ин-ты, 2020. - 103 б. : сурет. - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.134-141. - ISBN 978-601-332-517-0 : 103т.00т.</p> <p>Монографияда қазақ ауызекі сөйлеуін автоматты өңдеудің құралдары мен әдістері қарастырылған.</p>

		<p>Зерттеуде ұсынылған ауызекі сөйлеудің автоматты өңдеу әдістері бойынша қол жеткен жетістіктер тану қосымшаларын жасау және тану дәлдігін жоғарлатуға мүмкіндік беріп отыр. Олар өз кезегінде ауызекі сөйлеуді автоматты өңдеу және құру үшін мәні бар құрал бола алады. Монография материалы инженерлер мен ғылыми қызметкерлерге, өзекті теориялық таным мен практикалық ұсыныстар береді, сондай-ақ ол жоғары оқу орындарында қазақ сөйлеуін тану бойынша арнайы курстар әзірлеуге бағдарланған.</p>
38.	631 М-35	<p>Мәлікова, Сауле. "Тың эпопеясы" тарих таразысында : Қазақстанның солтүстік аймағында жүргізілген 1954-1964 жылдардағы аграрлық реформаның сырлары мен қырлары / Мәлікова,Сауле. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2020. - 120 б. : кесте. - Библиогр.:б.106-107. - ISBN 978-61-7809-04-1 : 314т.00т. Автор Қазақстанның солтүстік аймағында 1954-1964 жылдары «Тың және тыңайған жерлерді игеру» деген мемлекеттік бағдарламамен жүргізілген аграрлық реформаның тарихындағы көлеңкелі тұстарды ашып, КСРО жоғарғы билігі тарапынан қабылданған шараларға жаңа көзқарас тұрғысынан баға береді. Тарихта «Тың эпопеясы» деген атпен қалған ұлы науқанның салдарларын талдайды, нақты деректер негізінде оның зардаптарын жүйелеп көрсетеді.</p>
39.	821.512.122 М-36	<p>Мәсімханұлы, Дүкен. Сап,сап,көңілім.... / Мәсімханұлы,Дүкен. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. - 352 б. - ISBN 978-601-7461-79-9 : 742т.93т.</p>
40.	94 Д-79	<p>Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и Рашиди. 1-кітап / Мұхаммед Айдар Дулат; Ауд. парсы тілінен И.Жеменей. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 367 б. : кесте. - ISBN 978-601-04-4314-3. - ISBN 978-601-04-4315-0 : 5499т.98т. «Тарихи-и Рашиди» шығармасының қазақша аудармасы Душанбе, Ташкенттің қолжазба нұсқалары және Тегранда жарық көрген А. Ғаффарифәрдың текстоло-гиялық еңбегі негізінде жасалған. Шығыстанушы И. Жеменейдің 2014 жылы Тараз мемлекеттік университетінде жарыққа шыққан парсы тіліндегі текстологиясы мен Табатабаи университетінің</p>

		ғалымы Бехруз Бабаимен бірлесіп, Иран-Қазақстанда жаңадан жарық көрмек басылымы бойынша толық нұсқасы ұсынылды.
41.	94 Д-79	<p>Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и Рашиди. 2-кітап / Мұхаммед Айдар Дулат; Ауд. парсы тілінен И.Жеменей. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 450 б. : кесте. - ISBN 978-601-04-4314-3. - ISBN 978-601-04-4316-7 : 6750т.02т.</p> <p>«Тарихи-и Рашиди» шығармасының қазақша аудармасы Душанбе, Ташкенттің қолжазба нұсқалары және Тегранда жарық көрген А. Ғаффарифәрдтың текстологиялық еңбегі негізінде жасалған.</p> <p>Шығыстанушы И. Жеменейдің 2014 жылы Тараз мемлекеттік университетінде жарыққа шыққан парсы тіліндегі текстологиясы мен Табатабаи университетінің ғалымы Бехруз Бабаимен бірлесіп, Иран-Қазақстанда жаңадан жарық көрмек басылымы бойынша толық нұсқасы ұсынылды.</p>
42.	821.512.122.09 М-91	<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.1 : Абайтану тарихы / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 488 б. - 175 жыл. - Библиогр.: б.477-485. - ISBN 978-9965-22-586-4. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 2250т.00т.</p> <p>Белгілі абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлы дайындаған «Абайтану» сериясының алғашқы томында ұлы Абай мұрасының зерттелуі мен Абайтану тарихының қалыптасу жағдайы нақтылы кезендерге бөлініп сипатталған. Бір ғасыр бедеріндегі ақын мұрасын танып, бағалау жолындағы жетістіктер мен кемшіліктер бүгінгі күн тұрғысынан таразыланады.</p>
43.	821.512.122.09 М-91	<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.10 : Абайдың адамгершілік мұраттары / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 340 б. - 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-595-6. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1575т.00т.</p> <p>Мекемтас Мырзахметұлының көп жылдық зерттеулері қамтылған бұл еңбекте Абайдың адамгершілік туралы көзқарастары, ежелгі шығыс ойшылдарымен пікір сабақтастығы жайлы ғылыми деректер қорытылып, талданады. Сондай-ақ, ұлы ақын мұрасын танудағы негізгі бір сала — шығармаларының бұрынғы-сонды</p>

		басылымдары, ондағы текстологиялық мәселелер, жалпы абайтанудың бүгінгі жайы сөз болады.
44.	821.512.122.09 М-91	<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.2 : Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 352 б. - 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-587-1. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1650т.00т.</p> <p>«Абайтану» сериясының екінші томына филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының көп жылдар бойы терең зерттеу нәтижесінде жазған «Мұхтар Әуезов және Абайтану мәселелері», «Абай және Әуезов» атты тұжырымдамалық еңбектері мен оның құрастыруындағы «Абайды оқы, таңырқа» атты хрестоматия енгізілген.</p>
45.	821.512.122.09 М-91	<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.3 : Мұхтар Әуезов. Абайтану дәрістерінің дереккөздері / Мырзахметұлы, Мекемтас; Құраст. Л.Әуезова. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 464 б. - Мәтін қазақ,орыс тілдерінде; 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-588-8. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 2175т.00т.</p> <p>Мұхтар Әуезовтің Абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістері екі салада қатар жүргізілді: оның ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде тану бағытындағы зерттеулері жиырма жылға жуық мерзімді қамтыса, Абайдың көркем бейнесін әр түрлі жанрда сомдауға он екі жыл өмірін арнады. «Абайтану» сериясының үшінші томына еніп отырған бұл кітапта абайтанудың негізін салу жолындағы Әуезовтің мол мұрасы оқырман қауымға жүйеленіп берілді.</p>
46.	821.512.122.09 М-91	<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.4 : Абай және Шығыс / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 320 б. - 175 жыл. - Библиогр.: б.315-316. - ISBN 978-9965-22-589-5. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1500т.00т.</p> <p>Абай шығармашылығының тарихи тамырын тану мәселесі соңғы кезге дейін жалпылама тұрғыда сөз болып, тереңдеп зерттелмей келді. Ұлы ақын нәр алған рухани үш бұлақтың бірі -Шығыс мәдениеті. Заңғар ғалым Мекемтас Мырзахметұлының «Абай және</p>

		Шығыс», «Абай және сопылық ілім» атты зерттеулері енген бұл томда Абайдың Шығыс мәдениетіне қарым-қатынасы ғылыми тұрғыдан жүйеленіп баяндалады.
47.	821.512.122.09 М-91	Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.5 : Толық библиографиялық көрсеткіш / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 592 б. - Мәтін қазақ, орыс тілдерінде; 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-590-1. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 2775т.00т. Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абай Құнанбаевтың туғанына 140 жыл толуына орай жасалған бұл көрсеткіш акын мұрасы жөнінде жазылған 1889— 1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тutas камтиды. Библиографиялық көрсеткіш негізінен қазақ, орыс тіліндегі деректерді қамтуы себепті, екі бөлімге жіктеліп берілді.
48.	821.512.122.09 М-91	Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.6 : Восхождение к Абаю / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 352 с. - На русском языке; 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-591-8. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1650т.00т. Данное исследование посвящено актуальным и малоизученным аспектам абаеведения, а именно: принципам составления творческой биографии Абая, установлению реальных истоков его поэтического творчества, методике текстологических исследований, проблеме отношения произведений поэта к классическому Востоку, литературному окружению.
49.	821.512.122.09 М-91	Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.7 : Тараз ой-толғаныстары / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 368 б. - 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-592-5. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1825т.00т. Заманымыздың заңғар ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы абайтану ғылымының қалыптасу және даму кезендерін ғылыми түрде жүйелеп, Абай мұрасының барынша терең әрі жан-жақты зерттелуіне зор үлес қосып келеді.
50.	821.512.122.09 М-91	Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.8 : Түркістанда туған ойлар /

		<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 392 б. - 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-593-2. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1800т.00т.</p> <p>«Абайтану» сериясының 8-ші томына енген «Түркістанда туған ойлар» атты бұл еңбегінде белгілі әдебиетші-ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мекемтас Мырзахметұлы ежелден түркі халықтарының алтын бесігі саналған Түркістанның әлем халықтарының мәдени, ғылыми, тарихи еміріне жасаған ықпал әсері туралы кең де пайымды әңгіме қозғайды.</p>
51.	821.512.122.09 М-91	<p>Мырзахметұлы, Мекемтас. Абайтану. Т.9 : Түркістан-Тараз арасы / Мырзахметұлы, Мекемтас. - Алматы : "Қазығұрт" баспасы, 2020. - 176 б. - 175 жыл. - ISBN 978-9965-22-594-9. - ISBN 978-9965-22-585-7 : 1725т.00т.</p> <p>«Түркістан - Тараз арасы» деп аталатын бұл томға абайта-нушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының ұлы Мұхтар Әуезов пен данышпан Абайдың шығармашылық мұралары төңірегіндегі ой-толғаныстары, жекелеген тарихи тұлғалардың азаматтық болмысын сипаттайтын көлемді зерттеулері, ұлттық идеологияны қалыптастыруға байланысты көзқарастарын ұсынған мақалалары топтастырылған.</p>
52.	669 Н-21	<p>Нанокұрылымды және ультраұсақтүйіршікті титан қорытпаларын жасаудың жаңа технологиясы : Оқу құралы / Машеков, Серік Әкімович, Машекова, Айгерим Серикович, Тусупкалиева, Эльмира Адиевна және т.б. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 348 б. : сурет. - Библиогр.: б.330-347. - ISBN 978-601-7945-74-9 : 8200т.00т.</p> <p>Осы кітапта нанокристалды немесе ұсақтүйіршікті құрылымы бар титан қорытпасынан жасалған қаңылтырды өңдеудің жаңа технологиясы ұсынылған. Бұрандапы пішінбілік пен жан-жақты соғу дамытатын қарқынды пластикалық деформацияны қолдану жолымен, қаңылтырда айтылған нанокұрылым алынған. Айтылған жұмыста дайындамаларды бұрандалы пішінбілік пен бойлық-сыналы орнақта немесе жан-жақты соғумен деформациялаған кезде, оларда пайда болатын кернеулі деформациялы күй зерттелген.</p>

53.	070 О-58	<p>Омарұлы,Бауыржан. Бақ қонған бәйтерек : Эсселер,портреттік мақалалар, ой-толғамдар / Омарұлы,Бауыржан. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. - 528 б. - ISBN 978-601-7461-94-2 : 1078т.93т.</p>
54.	78 О-78	<p>Оспан, Серік Кәрібайұлы. Сегіз сері (Мұхаммед Қанафия) Баһрамұлы Шақшақовтың өмірі мен музыкалық мұрасы / Оспан,Серік Кәрібайұлы; . - Алматы : Балауса, 2020. - 228 б. : сурет. - (Рухани жаңғыру). - Библиогр.:б.221-226. - ISBN 978-601-7977-25-2 : 638т.40т.</p> <p>Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) Баһрамұлы Шақшақовтың өмірі мен шығармашылығына арналған бұл еңбек қазақтың дарынды ақын-композиторы жайлы кеп жылдық зерттеулер мен деректі мәліметтер негізінде жазылған. Ел ішінде Сегіз серінің өмірі мен музыкалық мұрасы жайлы пікір әрқилы. Сондықтан бұл кітапта мұрағаттық деректер, қисынды дәйектер, соны ой-пікірлер қамтылып, тың мағлұматтар келтірілген. Ақын-сазгердің осыған дейін халық әні санатында орындалып келген мәлім де беймәлім әндеріне терең талдау жасалып, қысқаша тарихтары баяндалып, оларға ғылыми түсінік берілген.</p>
55.	159 П-86	<p>Психологиялық тренинг технологиясына кіріспе : Оқу-әдістемелік құрал / Ауд. орыс тілінен және құраст. А.А.Лиясова. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 235 б. : кесте. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 9965-453-70-5 : 4700т.00т.</p> <p>Бұл кітап- жаңадан психологиялық тренингтерді жүргізуде тренер болып жүргендерге және практик психологтарға табылмас құрал. Мұнда барлығы сипатталған: әлеуметтік -психологиялық тренингтің стандартқа сай бағдарламасы, рөлдік ойындар мен сергіту жаттығулары, жаңадан тренинг жүргізіп жүрген тренерлердің сұрақтарына жауаптар және т.б.</p>
56.	28 С-20	<p>Сандыбаев, Жалғас. Әбу Хамид әл-Ғазалидің "ахлақ" ілімі : Монография / Сандыбаев,Жалғас; Жауапты ред. Қайрат Құрманбаев; Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығы. - Алматы :</p>

		<p>Қазақ университеті, 2019. - 240 б. - ("Исламтану зерттеулері". №3). - Библиогр.: б.233-238. - ISBN 978-601-7071-50-9 : 3000т.03т.</p> <p>Монографияда ортағасыр мұсылман ойшылдарының саңлақ тұлғасы -теолог, ғалым, мұсылман әлемінде «Худжату әл-ислам» (Ислам айғағы), «Зинату әл-ислам» (Ислам әшекейі), «Мухии әд-дин» (Дінді жандандырушы) атанған Әбу Хамид әл-Газалидің рухани-адамгершілік ілімі жалпы адамзаттық құндылық ретінде тарихи-діни және философиялық қырынан жан-жақты сарапталған.</p>
57.	631 С-37	<p>Сергеева, А.М.</p> <p>Агротуризм мен экотуризмді жергілікті аумақта ұйымдастыру мәселелері (Ақтөбе облысы мысалында) : Монография / А.М. Сергеева, Х.Х. Қусаинов; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : Жұбанов ун-ті баспа бөлімі, 2019. - 240 б. : сурет. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр. : б.208-218. - ISBN 978-601-7659-84-5 : 240т.00т.</p> <p>Ғылыми басылым ретінде монографияда агротуризм мен экотуризм бағытында соңғы жылда жүргізілген зерттеулер негізінде агротуристік іс-әрекеттерді ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданып, сараланып, Ақтөбе облысында жүргізілген зерттеу материалдары ұсынылды. Агротуризмнің тұрақты даму тұжырымдамасының негізі болып саналатын ғылыми деректер зерттеулер барысында тұжырымдалған.</p>
58.	94 С-52	<p>Смағұлов, Оразақ.</p> <p>Қазақтың айбарлы диссиденті. Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолы / Смағұлов,Оразақ; ҚР Мәдениет және спорт министрлігі. Қазақстан Республикасы ұлттық музейі. - Алматы : AmalBooks , 2020. - 400 б. : сурет. - ISBN 978-601-7342-33-3 : 11630т.00т.</p> <p>Бұл кітап бүкіл ғұмырын қазақтың асыл арманы - бостандыққа арнаған, кеңес үкіметінің туған халқына жасаған зорлық-зомбылықтарын ашық айтып, айбарлы қарсылық жасап, өмірден озған қазақтың аяулы перзенті, тұңғыш диссиденті Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолын баян етеді.</p>

59.	347 С-52	<p>Смағұлова, А.С. Дәстүрлі қазақ әдет-ғұрып құқығындағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелу ерекшеліктері / А.С. Смағұлова; Ред.алқасы: Қ.Ш.Шүңкеев,Б.С.Абенова; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : Жұбанов ун-ті баспа бөлімі, 2019. - 440 б. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.418-138. - ISBN 978-601-7959-85-2 : 440т.00т.</p> <p>Бұл монографиялық зерттеу еңбек қазақ әдет-ғұрып құқығындағы ежелден қалыптасқан азаматтық қатынастардың дәстүр-салтымен байланысты даму ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылған. Қазақ қоғамындағы меншік, неке-отбасы, мұрагерлік, міндеттемелік қатынастардың қазақ қоғамына тән ерекшеліктерін бұрын қолданысқа түспеген тың мұрағаттық құжаттар мен статистикалық, анықтамалық деректер және заңнамалық актілер негізінде қазақ көшпелі қоғамындағы азаматтық қатынастардың даму эволюциясын керсетеді.</p>
60.	821.512.122 С-52	<p>Смайыл, Алдан. Тәңір соты : Повестер мен драмалық шығармалар / Смайыл,Алдан. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. - 256 б. - ISBN 978-601-7461-80-5 : 456т.21т.</p>
61.	579 С-93	<p>Сыдықбекова,Райхан Қонайқызы. Микробиология және вирусология : Оқу-әдістемелік құрал / Сыдықбекова,Райхан Қонайқызы, Мұқашева,Тоғжан Жангелдіқызы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 116 б. : сурет. - Библиогр.: б.112. - ISBN 978-601-04-4512-3 : 1999т.98т.</p> <p>Оқу-әдістемелік құрал 5В060700 - Биология, В050 - Биологиялық және сабақтас ғылымдар, 6В05103 - Биотехнология мен 6В05107 -Микробиология мамандықтарының оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Құралда микроорганизмдердің морфологиясын, ультроқұрылымын, клетка құрлысын және басқа да маңызды қасиеттерін зертханалық сабақтарда жан-жақты зерттеу әдістері көрсетілген.</p>
62.	530 Т-34	<p>Теориялық механиканың классикалық және релятивистік негіздері : Оқу құралы /</p>

		<p>Қойшыбаев, Нұрғали Қойшыбайұлы, Қалымова, Жанерке Архатқызы, Бошкаев, Қуантай Авгазыевич және т.б.; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 305 б. : сурет. - Библиогр.: б.302. - ISBN 978-601-04-4410-2 : 4599т.95т.</p> <p>Теориялық механиканы оқып-үйренудегі басты мақсат - теориялық физиканың соңғы кезеңде қарқынды дамыған салалары: кванттық механика мен статистикалық физикаға тікелей өтуді қамтамасыз ету. Оқу құралының ерекшелігі мынада: теориялық механиканың негізгі ұғымдары мен принциптері, Лоренц түрлендірулері, ең аз әсер принципі, сақталу заңдары, қозғалыс теңдеулерін интегралдау, бөлшектердің соқтығысулары сияқты тақырыптар кең ауқымда түсіндіріледі.</p>
63.	582 Т-61	<p>Торсықбаева, Б.Б.</p> <p>Жоғары сатыдағы өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы : Оқу құралы / Б.Б. Торсықбаева. - Алматы : Альманахъ, 2019. - 213 б. : кесте. - Библиогр.: б.212. - ISBN 978-601-7590-29-1 : 5300т.00т.</p> <p>«Жоғары сатыдағы өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы» пәнінен оқу құралының оқытушыларға арналған кітабы, дамытушы оқулықтың жетілдірілген жүйесінің дайын сценарийі. Онда дәрістер жинағының мазмұны қамтылған. Студенттер жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеруге арналған тапсырмаларды қадам-қадаммен орындау арқылы аралық нәтижелерге жетіп отырады.</p>
64.	378 Т-65	<p>Төребаева, К.Ж.</p> <p>Жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие беру негіздері / К.Ж. Төребаева; Жалпы ред. Б.А.Ердембеков; ҚР БҒМ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе : Жұбанов ун-ті баспа бөлімі, 2019. - 288 б. : кесте. - (Жұбанов кітапханасы) (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - Библиогр.: б.276-286. - ISBN 978-601-7959-87-6 : 288т.00т.</p> <p>Монографиялық еңбекте жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие берудің теориялық - әдіснамалық негіздері, ұлттық тәрбие беру жолдарының мазмұны баяндалған.</p>
65.	811.512.1.09 Т-90	<p>Түркі тілдеріндегі тарихи қолжазбаларды зерттеу халықаралық симпозиумы (қолжазбаларды</p>

		<p>жариялау, каталогын жасау және цифрлау) = Uluslararası Türkçe Tarihi Metin Araştırmaları Sempozyumu (Metin Yayımı, Kataloglama, Difiyatı). - Алматы, 2019. - 410 б. : кесте. - Сыйға алынды; Мәтін қазақ, түрік тілдерінде. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-7805-73-9 : 410т.00т.</p> <p>Бұл мақалада Сирек қордағы түрік және осман тілдеріндегі кітаптар мен қолжазбалардың каталогын дайындау барысы сөз болады. Сонымен қатар, аталмыш кітаптардың каталогын дайындау кезінде әдебиеттерді іріктеу, библиографиялық жазбалардың құрылымы, алдынала тақырыптарын аудару, аннотациялық құжаттардың тиімді нұсқасын таңдап алу, көрсеткіштерді дайындау т.б. жұмыстары ғылыми тұрғыдан сараланады.</p>
66.	1 Ф-23	<p>Фарабитану : Оқу құралы / Ж. Алтаев, Ә. Құранбек, Асқар, Л. және т.б.; Жалпы ред. Ж.Алтаев; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Әл-Фараби орталығы. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 140 б. : сурет. - (Рухани жаңғыру). - Библиогр.: б.137-139. - ISBN 978-601-04-4172-9 : 2400т.05т.</p> <p>Оқу құралында әлемдік өркениеттің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық мұраларындағы терең өмірлік даналық, гуманизм және энциклопедиялық ғылыми ілімі қарастырылады. Ойшылдың өмір сүрген дәуірі, «Екінші ұстаз» дүниетанымын қалып-тастырған тарихи жағдайы туралы егжей-тегжейлі баяндалып, әл-Фараби философиялық мұрасының отандық философиялық және ғылыми ойға ғана емес, сонымен қатар мұсылман, еуропалық өркениеттерге қосқан үлесі туралы айтылады.</p>
67.	159 Ф-80	<p>Франкл, Виктор. Өмірден мән іздеген жан / Франкл, Виктор. - Алматы : Мазмұндама, 2020. - 192 б. - (Qazaqsha 100 bestseller). - ISBN 978-601-06-6279-7 : 3240т.00т.</p> <p>XX ғасырдың зұлмат кезеңі Екінші Дүниежүзілік соғысы кезінде нацистік Германияның адамзатқа қарсы жасаған қанішерлігіне куә болған Виктор Франкл концлагерьден шыққан соң бір жылдан соң 1946 жылы осы кітапты жазып шығады. Адамды ең қиын</p>

		кездерден аман алып шығатын оның өмірінің мәні екенін лагерьде болған оқиғаларды әңгімелей отырып дәлелдейді. Франклдың теориясы өмірдің мәнін ләззат алу деп түсінген Фрейдтың, билікке ұмтылу деп өсиет еткен Альфред Адлер идеясымен онша үйлесе қоймайды. Сондықтан да, оны ғылыми әлем «Венаның үшінші психотерапия мектебі» деп аталатын (Фрейдтің психологиялық талдауынан және Адлердің жеке психологиясынан кейінгі) логотерапия мектебінің негізін салушы деп біледі.
68.	159 X-34	Хей, Луиза. Өмірің-өз қолыңда / Хей, Луиза. - Алматы : Мазмұндама, 2020. - 248 б. - (Qazaqsha 100 bestseller). - ISBN 978-601-06-6281-0 : 3600т.00т. Сана мен тән бір-бірімен байланысып жатыр. Егер тәнің ауырса, оның басты себебін санадан іздеген жөн. Ойыңыз өзгермей өзіңіз де өзгере алмайсыз. Кітаптың басты идеясы осы. Бұл ойдың ақиқатына кітап авторының өмірі дәлел. Луиза Хей жазылмайтын жаман ауруға шалдығады. Медицина дәрменсіз. Өз өмірін өз қолына алған Луиза алдымен жаман ойдан арылады, сосын жаман ауру да жөніне кетеді. Луизаның әңгімесі әлемге тарап, осы кітабы отыздан аса тілге аударылып, 50 миллион данамен сатылады.
69.	811.512.122 Ш-17	Шадкам, Зұбайда. Шағатай тіліне кіріспе : Оқу-әдістемелік құралы / Шадкам, Зұбайда, Қыдырбаева, Үміт Тұрсынбайқызы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 106 б. : сурет. - Библиогр.: б.103. - ISBN 978-601-04-4398-3 : 1850т.02т. Құрал шағатай тілінің орфографиялық, фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ерекшеліктерін үйренуге үлкен мүмкіндік береді. Әр дәрістің соңында түсіндірілген грамматикалық тақырыптарға сәйкес теориялық және практикалық тапсырмалар берілген.
70.	008 Ш-32	Шашаева, Гульбакыт Кадыржановна. Мәдени мұра құндылықтарын жоғары білім беруде қолдану : Монография / Шашаева, Гульбакыт Кадыржановна; Пікір жазған Н.С.Алғожаева; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2019. - 212 б. - Библиогр.: б.202-210. - ISBN 978-601-04-4199-6 : 3199т.95т.

		<p>Монографияда мәдени мұра құндылықтарын жүйеленіп, оның дүниетанымдық және тәлімдік маңызын терең, жүйелі зерттей отырып, ондағы инновациялық жұмыстарды жоғары білім беру саласында қолдану. Сонымен бірге Қазақстан дамуының да ерекше еншісін кеңейтіп, мемлекеттік өмірлік қажеттілікке айналдыру мақсатында құрастырылған.</p>
71.	159 Ш-78	<p>Шонбай, Қуаныш. Бізге айтылмаған құпия / Шонбай, Қуаныш. - Алматы : Самға, 2019. - 248 б. : сурет. - ISBN 978-601-7980-46-7 : 5950т.00т.</p> <p>«Бізге айтылмаған құпия» кітабы табысты кәсіпкер, бестселлер автор және ұстаз Қуаныш Шонбаймен жазылды. Автор үздіксіз даму мен табысты болудың құпияларын ашу жолында өз тәжірибесімен түйген сабақтарымен және өзіне тән ойлау стилімен бөліседі. Қоғамда қалыптасқан таптаурындарды бұзу, айналадағы құбылыстарды қабылдауды өзгерту және парадигманы қайта құру мақсатында жазылған бұл кітап автордың кәсіпкерлік және ұстаздық кейстерімен көмкерілген. Әр идея ғылыми тәжірибенің негізінде, діни ілімнің аясында және жеке опыттың нәтижесінде жазылған. Тұлғалық даму жолындағы біз білмейтін, ойламайтын кедергілер мен ой шектеулеріне туспеу үшін қажет қолданбалы кеңестер мен техникалар ұсынылған. Кітап өмірлік мысалдарымен оқырманды қорықпауға, тоқтамауға, өзіңе сенуге және ең бастысы амал етуге шақырады. Автор әрқайсымыздың ішкі күшіміздің толық ашылуы үшін қолайлы жағдай жасау идеясы ұсынып қана қоймай, осы кітап шеңберімен шектелмейтін құпия қосымшаларын да тегін сыйлайды.</p>
72.	94 Ә-17	<p>Эгамбердиев, Мырзахан Шарипбайұлы. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы: тарихы және тарихнамасы (XIX ғасырдың соңы мен бүгінге дейінгі кезең) / Эгамбердиев, Мырзахан Шарипбайұлы; Жауапты ред. Т.О. Омарбеков; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 408 б. : сурет. - Библиогр.: б.383-407. - ISBN 978-601-04-4450-8 : 6099т.97т.</p> <p>Монографияда XIX ғасырдың соңы мен бүгінгі кезеңге дейінгі түркі халықтарының өзара</p>

		<p>ынтымақтастығының даму тарихы мен тарихнамасы кешенді түрде қарастырылған. Автор отандық және шетелдік мұрағаттарындағы деректер мен мәселеге байланысты зерттеулерді қамтып, түркі халықтарының ынтымақтастығының өзекті мәселелеріне ғылыми талдау жасаған.</p>
73.	159 Ә-49	<p>Элорд, Хал. Таң шапағаты: Өмірді жаңа арнаға бұратын "Тың" құпия / Элорд,Хал; Аударғандар: Ш.Әбілдә,Д.Мазен,Г.Шаует. - Алматы, 2020. - 184 б. : сурет. - (Халықаралық бестселлер. №1). - ISBN 978-9919-9557-0-0 : 5000т.00т.</p> <p>Барлық құқықтары қорғалған. Бұл жарияланымның ешбір бөлігі баспагердің алдын ала жазбаша келісімінсіз қайта басылмайды, қойма жүйесінде сақталмайды әрі енгізілмейді, ешбір формада немесе тәсілмен (электрондық, механикалық, фотокопиялық, жазбаша немесе басқаша) тасымалданбайды. Бұл жарияланымға қатысты әлдебір заңсыз әрекетке барған кез келген адам қылмыстық жазаға ұшырап, залалы үшін азаматтық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Жауапкершіліктен бас тарту: кітапта көрсетілген кеңес пен әдіс-тәсілдер барлық жағдайда жарамды болмауы мүмкін. Кітапты сату арқылы автор немесе баспагердің заңды, бухгалтерлік немесе басқа да кәсіби қызметтер көрсетпейтінін ескертеміз. Автор да, баспагер де бұл жағдайда туындаған залалға жауапты болмайды. Кітапта ұйым немесе сайттың қосымша дереккөз ретінде келтірілуі немесе дәйексіз берілуі автор не баспагердің сол ұйым не сайт ұсынған ақпаратты қолдайтынын немесе онда айтылған кеңестерді ұсынатынын білдірмейді.</p>